

"Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2021 жылғы 22 қарашадағы № 531 қаулысы.

"Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.
2. "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:
 - 1) жоғарыда көрсетілген Ереженің заңнамада белгіленген тәртіпте әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;
 - 3) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

А. Мұхамбетов

Қостанай

облысы әкімдігінің

2021 жылғы 22 қарашадағы

№ 531 қаулысымен

бекітілген

"Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы"
мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) өз құзыретінің шегінде экономика және бюджеттік жоспарлау салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомствоның бағынысты ұйымдары жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеме ретінде ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және атауы мемлекеттік тілде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Басқарма егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бүйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 66.

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге жол берілмейді.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілдіктері

13. Мақсаттары:

- 1) экономика саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 2) бюджеттік жоспарлау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 3) өнірлік даму саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де міндеттер.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

өз құзіреті шегінде құқықтық актілер шығару;

облыс әкімдігіне әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар енгізу;

өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан және өзге де үйымдардан қажетті ақпараттар мен құжаттарды сұрату және алу;

өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу;

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сактау;

мемлекеттік органдарға ақпараттық-талдамалық материалдар дайындау және ұсыну

;

сот органдарында Басқарманың құқықтары мен занды мүдделерін қорғауды жүзеге асыру;

өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыру және өзге де міндеттерді атқару.

15. Функциялары:

1) облыстың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлейді;

2) кең таралған пайдалы қазбалар бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жобаларына экономикалық сараптаманы жүргізеді;

3) Қостанай облысын дамыту бағдарламасын әзірлейді;

4) Қостанай облысын дамыту бағдарламасына мониторинг жүргізеді;

5) өнірлік даму саласындағы бағдарламалық құжаттардың іске асырылуына мониторинг жүргізеді;

6) ауылдық елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуын талдайды және мониторинг жүргізеді;

7) "Дипломмен ауылға" жобасын іске асыру кезінде жергілікті атқарушы органдардың жұмысын үйлестіреді;

8) шығыстардың бағыттарын және оларды облыстық бюджеттен қаржыландырудың ең төменгі көлемдерін айқындайды;

9) аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне жалпы сипаттағы трансфертердің көлемдерін айқындайды;

10) жыл сайын жоспарлы кезеңге облыстық бюджетті әзірлейді;

11) Қостанай облысының облыстық бюджеті туралы облыс мәслихатының шешімін іске асыру туралы облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді;

12) жергілікті бюджетке түсетін түсімдерді болжайды;

13) облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін, жаңа бастамаларға арналған лимитін айқындайды;

14) облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін, бюджеттік бағдарламаларының жобаларын қарайды, бюджеттік өтінімдер мен бюджеттік бағдарламалардың жобалары бойынша қорытындылар қалыптастырады және оларды Қостанай облысы әкімдігінің бюджет комиссиясының қарауына жібереді;

15) жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық, қаржы-экономикалық негізdemelerіне және инвестиациялық ұсыныстарына экономикалық қорытындылар береді;

16) мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласында өз құзыретінің шенберінде мемлекеттік саясатты іске асырады;

17) алып тасталды - Қостанай облысы әкімдігінің 29.09.2023 № 414 қаулысымен;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы әкімдігінің 29.09.2023 № 414 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3-тaraу. Мемлекеттік орган басшысының мәртебесі, өкілеттілігі

16. Басқарманы басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіліктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Басқарманың бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттігі:

1) Басқарма қызметкерлерін лауазымға тағайындейдай және лауазымнан босатады;

2) Басқарманың құрылымын, құрылымдық бөлімдері туралы ережені және қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

3) міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарын бекітеді;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Басқарманың атынан мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда әрекет етеді;

5) бірінші қол қою құқығына ие;

6) сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдамағаны үшін дербес жауапкершілікті атқарады;

7) Басқарма қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) Басқарма қызметкерлерін көтермелеу, материалдық көмек көрсету шараларын қабылдайды және тәртіптік жаза қолданады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезенде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4-тарау. Мемлекеттік органды мүлкі

21. Басқарма заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

22. Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

25. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.